



**БҰЙРЫҚ**

*179-ш/г 14.05.2026 астана*  
Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *179-ш/г 14.05.2026*  
г. Астана

**Заңсыз ақша жинауға және мектеп  
бітіру іс-шараларын өткізуге жол  
бермеу жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 9- бабын және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 сәуірдегі № 106 -НҚ бұйрығын орындау, жалпы орта білім беретін білім ұйымдарының білім алушылары арасында қауіпсіздік пен қоғамдық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ білім беру ұйымдарында «Заң және тәртіп идеологиясын нығайту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. оқу жылының аяқталуына байланысты кештер, банкеттер, автокортеждер, таңды қарсы алу шаралары, алау жанында өткізілетін іс-шаралар, мейрамханаларда, кафелерде, банкет залдарында, асханаларда, демалыс базаларында және табиғат аясында өткізілетін салтанатты іс-шаралар нысандарында мектеп бітіру іс-шараларын өткізуге тыйым салынсын.

2. мектеп бітіру іс-шараларын өткізуге байланысты білім алушылардан, олардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен ақшалай қаражатын, жарналарды жинауға, жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар, мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестаттауға, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны жинауға тыйым салынсын.

3. 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша аттестаттарды табыстау 9 сынып түлектері үшін 2026 жылғы 16 маусымда, 11-сынып түлектері үшін 2026 жылғы 18 маусымда өткізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына басшыауды өзіме қалдырамын.

Директор



Г.А.Оспанова